



ABAI: Adamzattyń b́arin súı baýyrym dep.

Аймақтық қоғамдық-саяси газет

Газет 1932 жылдың 1 мамырынан бастап шығады

BALQASH ONIRI

balqash_oniri_gazeti

balkhashoniry@mail.ru

№78 (13451), 31 ҚАЗАН, ЖҰМА, 2025 ЖЫЛ

Еркеназ БАҚТОРАЗ,
«BALQASH ONIRI»

✓ МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

КӘСІПКЕР – МАРАПАТ ҚҰШАҒЫНДА



ҚОҒАМНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰАТЫ — КӘСІПКЕРДІҢ ЕҢБЕГІНДЕ. ӨЗ ІСІН АШЫП, ҚАЛА ДАМУЫНА СЕРПІН БЕРІП ОТЫРҒАН ЖАНДАРДЫҢ ТАБАНДЫЛЫҒЫ МЕН ЖАҒАШЫЛДЫҚҚА ҰМТЫЛЫСЫ – БАЛҚАШТЫҢ БҮГІНГІ КЕЛБЕТІ МЕН ЕРТЕҢГІ ӨРКЕНДЕУІНІҢ НЕГІЗІ. СОНДЫҚТАН МЕМЛЕКЕТТІҢ КӘСІПКЕРЛІККЕ КӨРСЕТКЕН ҚОЛДАУЫ МЕН ҚҰРМЕТІ – ОЛАРДЫҢ ЕЛГЕ ЖАСАҒАН ҚЫЗМЕТІНЕ БЕРІЛГЕН ЖОҒАРЫ БАҒА. 28 ҚАЗАН КҮНІ БАЛҚАШ ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІГІНДЕ ДӘЛ ОСЫНДАЙ ЕҢБЕКҚОР АЗАМАТТАРДЫ ҰЛЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ МАРАПАТТАУ ШАРАСЫ ӨТТІ.

Шараны қала әкімінің орынбасары Руслан Сыздықов ашып, кәсіпкерлерді кәсіби мерекемен құттықтап, ыстық лебізін жеткізді.

«Бұл күн – туған жерінің дамуы үшін тәуекелге барып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашқан жандарға деген құрметтің көрінісі. Кәсіпкерлік – ел экономикасының қозғаушы күші. Сіздердің әр бастамаларыңыз, әр табыстарыңыз – Балқаштың жарқын болашағы жолында атқарылған маңызды еңбек, - деді ол өз сөзінде.

Айта кету керек, Қазақстан кәсіпкерлері күні – биыл алғаш рет ресми түрде бекітілген мереке. Ел экономикасы мен қоғамдағы кәсіпкерлік рухтың маңызын арттыру мақсатында белгіленген кәсіби күннің Балқашта ерекше салтанатпен өтуі қаламыздың бизнес саласының қарқынды дамып келе жатқандығын дәлелдейді.

Бұл күні қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып, әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан 14 кәсіпкер қала әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Ал әділетті қоғам құру жолындағы табысты еңбегі үшін және қаланың дамуындағы белсенділігі үшін 19 кәсіпкерге қала әкімінің Алғыс хаты табысталды. Сонымен қатар республикалық «Таза Қазақстан» бағдарламасының белсенді қатысушысы, Балқаш қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің статисті Кирилл Намның да еңбегі еленіп, құрмет төрінен орын алды.

Балқаш кәсіпкерлері тек өз кәсібін дамытып қана қоймай, қаланың әлеуметтік өміріне де үлкен қолдау көрсетіп келеді. Жаңа жұмыс орындарын ашу, қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастыру, өнімнің көркеюіне атсалысу — олардың тұрақты ұстанымы. Қаламыздың дамуы — бірлескен еңбектің жемісі. Кәсіпкерлердің табысы мен табандылығы Балқаштың әлеуетін арттырып, көшін алға сүйреуде.

Салтанатты жиын соңында кәсіпкерлерге шығармашылық табыс пен мол мүмкіндіктер тілеп, өз саласында жаңа белестерді бағындыруына тілек білдірілді.

BALQASH ONIRI

balkhashoniry@mail.ru

2026 ЖЫЛҒЫ I ЖАРТЫЖЫЛДЫҚҚА ЖАЗЫЛЫҢЫЗ



Жеке тұлғалар үшін - 2500 тт.
Заңды тұлғалар үшін - 3000 тт.
Зейнеткерлер үшін - 2000 тт.

Байланыс телефоны: 6-04-89, 4-25-64, 87024031303 (Kaspi GOLD), мекенжайымыз: Ағыбай батыр көшесі, №9 үй.

Ескерту: Kaspi GOLD арқылы жазылған абоненттің аты-жөні мен мекенжайы көрсетіліп, төлемнің скрин нұсқасын жіберу керек.